

Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметі бойынша жүргізілген жұмыстардың талдау есебі 2020-2021 оқу жылы

Мекеме атауы: Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

2 психолог қызметкер жұмыс жасайды.

Психолог аты – жөні: Дабылова Бактыгул Абилханқызы

Білімі - жоғары, «Педагог - сарапшы»

Туребекова Гульсана Кайыржановна

Білімі - жоғары, мамандығы - психолог.

Санатсыз, жас маман.

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты:

Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау, психологиялық қолдау көрсету

Осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған перспективтік жылдық жоспардағы жұмыстар төмендегідей болды.

Педагогтардың шығармашылық потенциясын ашуға және дамытуға көмек беру.

Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Әр жас кезеңіндегі баланы дамыту ресурсын ұйымдастыру;
- Дамуға жағымды климат ұйымдастыру;
- Оқушыларға, ата - аналарға, мұғалімдерге психологиялық көмекті және демеуді ұйымдастыру.

Осы аталған міндеттер мен мақсаттарды белгілей отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мектепке, орта буынға қабылданған 1, 5 класс оқушыларының мектепке дайындық деңгейін, бейімделуін, танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында диагностикалар жүргізілді.

Психологиялық қызмет көмегі

Педагог іс-әрекеті өте күрделі болғандықтан, кей кездері олардың өз бетінше шеше алмайтын мәселелері болған жағдайда қажет.

Психолог жұмысының құрылымы

- Психолог әр жас кезеңін ескере отырып, дамыту бағдарламасын құру керек;
- Психолог баланың мінез-құлқын және тұлғадағы ауытқуын ескеру керек;
- Қалыпты дамуға сәйкес әр жас кезеңіне лайықты оқыту және тәрбиелеудің психологиялық жағдайын құру;
- Психолог дамуындағы ауытқуын басқа кезеңге өтпеуін бақылау;
- Оқушылардың орта, жоғарғы, төмен буындардың қызығушылықтарын анықтап, ары қарай дамыту;
- Ата-аналар мен оқытушылар арасында достық қарым-қатынас орнату.

Психолог кабинеті 2 қабатта орналасқан. Кабинетте құжаттар салатын шкафтар, жұмыс орыны, стол, орындықтармен қамтылған.

Шкаф сөрелерінде номерацияланған нормативтік құжаттар, оқушылармен, ата-аналармен, пед кадрлармен жүргізілген папкалар жиынтығы бар.

МПҚ психологінің жұмыс түрлері төмендегідей жұмыстармен қамтылды.

- Психодиагностика
- Кеңес беру
- Психологиялық түзету - дамыту
- Педагогикалық консилиумды ұйымдастыру және өткізу
- Тренинг, іскер ойындар

Жаңа оқу жылына арналған психологтың жұмысы жылдық жұмыс жоспары арқылы жүргізіледі. МАД тобы мен 11 класс оқушыларының жаңа ортаға, орта буынға, көшкен кластарға бейімделуі, 1 класс оқушыларының мектепке бейімделуі анықталды

Қыркүйек –қазан айлары 1,5класс оқушыларының мектепке бейімделуіне, оқу мотивациясын зерттеуге бағытталған.

1,5 класс оқушыларының мектепке бейімделу деңгейлері алынып нәтижесі шығарылып хаттамалары толтырылып отырылды. 1 класс оқушыларынан «Керн - Ирасек» тесті, 5 класс оқушыларынан Н.Г.Лусканованың «Маған мектепте не ұнайды?» әдістемесі алынды. Диагностикалық жұмысқа 1 кластан 44- және 5 кластан 57 оқушы қатысты.

1 кл. бойынша мектепке бейімделген 34 оқушы, мектепке бейімделуі төмен деңгейде- 10 оқушы анықталды. 5 класс бойынша бойынша оқу мотивациясы жоғары- 34 оқушы, оқу мотивациясы жағымды-23, төмен деңгейде-0 оқушы анықталды.


Қыркүйек айында ата-аналарға балаларға 6 «ЖОҚ» туралы сендіру жадынамасы берілді.



«Қауіпсіз мектеп ортасы» Кибербуллинг дегеніміз не? 5-11 класс оқушыларының ата-аналарына зум арқылы кездесу өткізілді.



Психикалық денсаулық туралы, өзінің психологиялық – эмоциялық жай-күйін қалай жақсартуға және төзімділігін арттыру мақсатында мектеп медбикесі М. Байгожинамен «Психикалық денсаулықты қалыптасу» тақырыбында 2-4 класс ата-аналарымен онлайн (ЗУМ желісінде) кездесу өтті. Ата-аналар осы тақырып бойынша ақпарат алып, өз ойларымен бөлісті.




«Бақытты отбасы үлгісі» видеоролик оқушыларға ватсап арқылы жіберілді.

Қазан айының басында 5-8 класс оқушыларына ватсап арқылы кенізологиялық жаттығулар жіберілді. 1,5 класс оқушыларының бейімделуі туралы мұғалымдерге жадынама таратылды.

5 класс оқушыларына «Маған мектепте не ұнайды?» жобалау тесті өткізілді. Класс жетекшісінің сұранысы бойынша оқушымен және ата-анамен жеке кеңес жүргізілді. Психикалық денсаулығымыз туралы сойлесейік тақырыбында 8-10 класс оқушылармен онлайн кездесу өтті.



Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы тақырыбында ата-аналармен онлайн кездесу ұйымдастырылды.



«Жас маман, алға бас қадам!» жас мамандарға тренинг өткізілді.

Ата-аналарға жеке кеңестер жүргізілді.


1 класс оқушыларынан мектепке бейімделулерін анықтау мақсатында Керн-Ирасек жобалау тесті алынды.

«Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады?» бейнебаяны 8-10 класс оқушыларына ватсап желісі арқылы жіберілді.


Қараша айында ата-аналардан «Баланың психологиялық жағдайын бағалау» сауалнамасы онлайн форматында алынып, нәтижесі шығарылды.

5-8 класс оқушыларына көзге арналған жаттығулар жіберілді.

1,5 класс оқушыларының бейімделу ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында 1,5 класс ата-аналарымен онлайн кездесу өтті. Кездесу барысында ата-аналармен еркін әңгіме жүргізіліп, бейімделуге байланысты ұсыныс, кеңестер айтылды.




Ұстаздармен «Эмоционалды «жану» синдромының алдын алу» тақырыбында онлайн-кездесу өткізілді. Кездесу барысында ЭЖС туралы ақпарат беріліп, жаттығулар жүргізілді.



«Қауіпсіз балалық шақ» 5класс оқушыларымен онлайн теренинг жүргізілді. 8-11 класс оқушыларынан «Реактивті және тұлғалық мазасыздықтың деңгейін анықтау мақсатында Ч.Д.Спилбергер, Ю.Л.Ханинның әдестемесі алынды.

«Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі», «Кибербуллинг. Не істеу қажет?» 6,7 класс ата-аналарымен онлайн кездесу өтті, кездесу барысында ғаламтор желісінде қауіпсіз жұмыс жасауды ұйымдастыру жөнінде ата-аналарға мәлімет және кеңестер берілді.




Мектептегі сенімділігінді арттырудың жолдары бейнеролигі 5-7 класс оқушыларына жіберілді.

Желтоқсан айында 6-10 класс оқушыларының тек қыз балаларынан «Қыз балаларға арналған сауалнама» алынып, қыз балаларға ешқандай қысым көрсетілмейтіндігі және құқық бұзушылық орын алмағандығы анықталды. Мектеп бітіруші түлектерге «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау» релаксациясы ватсап желісі арқылы жіберілді. «Стресс және крезис: одан шығу жолдары» ата – аналармен онлайн кездесу болды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен АРТ терапия өткізілді. Оқушылар сурет салу барысында қызығушылық танытып, белсенділік көрсетті. Оқушылардан жағымды эмоциялар байқалды.



Қаңтар айында 3-4 класс оқушыларының бейнелі-логикалық ойлау процесін жалпылау мен талдау, ақыл-ойын зерттеу мақсатында артығын тап әдістемесі алынды.



Агрессияның түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау мақсатында 8-11 класс оқушыларынан «Басса-Дарки» сауалнамасы гугл формасында алынды. Нәтижесінде физикалық, жанама, тітіркенушілік, вербалдық агрессиялары қалыпты екені анықталды. Нормадан жоғары агрессия анықталған жоқ.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жоғары сынып оқушылары үшін «Ерте жыныстық қатынас пен жүктілік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында қыздарға арналған бейнеролик көрсетілді, «Білгеніңнен білмегенің көп әлі...» сауалнамасы алынды. Қыздармен сырласып, әңгіме сұхбат жүргізіліп, кеңес берілді.



«Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбында мұғалімдерге арналған тренинг өткізілді. Мақсаты: бір-бірінің білмейтін қырларымен танысу, жылылық, сенімділік деңгейлерін арттырып, еркіндікті дамыту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.



Ақпан айында 9-11 класс оқушыларынан тұлға типін анықтау мақтасында Дж.Голланд сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша әр оқушыға типіне байланысты бағыт-бағдар берілді.

«Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл!» тақырыбында 9 класс оқушыларына тренинг жүргізілді.



«Ал сен агрессиянды қалай жеңесің» бейнеролигі 8-10 класс оқушыларына ватсап желісі арқылы жіберілді.

Наурыз айында «Пәнге қызығушылықты анықтау» сауалнамасы алынды. Мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын және қиындық туғызатын пәндерді анықтау. Пән мұғалімдеріне сауалнаманың нәтижесі таныстырылып, анықталған оқушылармен жұмыс жасау ұсынылды.

Гугл форма форматында Э.Ховард бойынша 8-11 класс оқушыларынан стресске төзімділік сауалнамасы алынды. Нәтижесінде оқушылардың бойындағы стресс жағдайы қалыпты екендігі анықталды.

Жасөспірімдерге «Көңіл-күй күйзелісі деген не және одан қалай шығуға болады?» тақырыбындағы бейнеролигі жіберілді. Оқушылар бейнеорликтен алған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс алынды.

Мектеп психологтары:

Б.А.Дабылова
Г.К.Туребекова